



ҒАЛЫМНЫҢ ХАТЫ ӨЛМЕЙДІ

Жылкыбаева М.С.

Есенов университетінің қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты

Есенов университеті – жастарға білім беріп, тәрбиелеумен қатар, талай ғалымдардың қалыптасуына да ықпал етіп келе жатқан іргелі білім ордасы. Университетте бірнеше жыл қызмет етіп, ғылымға алғаш осы университеттен қадам басқан жас ғалымдардың бірі Арыстанбаев Марат Ғасреддинұлы еді. Оның өмірге деген құлшынысы күшті еді, алға қойған мақсаттары бар еді. Қазақ тіл ғылымына қосар үлесіде зор еді. Бірақ, өкінішке орай, ол туралы тек өткен шақта ғана айта аламыз.

Бұл өмірден өткен бақилық жандар туралы оны көзі көрген, бірге жүрген адамдардың есіне алып әңгімелеп отыруы – заңдылық, әсіресе тұлғасын үлгі тұтар, ісіне жан сүйсінер азаматтар туралы айтып отыру – парыз, бұл тек оның отбасы, балалары үшін ғана емес, кейінгі ұрпақ – жастарға өнеге.

Естелік десе, көпшілік арасында оны тек ұлы адамдар туралы ғана жазуға болатын сияқты түсінік қалыптасқан. Алайда бүкіл елге аты танылмаса да, өмірде өзімізбен қатар жүрген, өзін қоршаған дос-жаранға қадірі бар, туған жеріне азды-көпті еңбегі сіңген азаматтар туралы неге айтпасқа? Сондай асыл азаматтың бірі де бірегейі өзіміздің Марат еді ғой.

Иә, бәрі күні кешегідей көз алдымызда... 1996 жылғы тамыз айының соңы. Кезекті жазғы демалыстан кейінгі ұжымдастардың сағынысып-көрісіп, арқа-жарқа бас қосатын кезі. Әрбір жаңа оқу жылы басталған сәтте «биыл оқу орнында оң өзгеріс бар ма екен, кафедраға кімдер келді екен, қандай өзгерістер болар екен» деп елеңдеп қалатын әдетіміз бар.

Ректордың қабылдауын күтіп, фойеде тұрмыз. «Біздің кафедраға жаңадан бір аспирант жігіт келіпті, АГУ-дің аспиранты екен», – деген жаңалықты естіп те үлгердік. Соның арасында есік ақырын ашылып, арықтау келген ұзын бойлы, ашаң жүзді жас жігіт кірді. Аралары жақындау келген қою қастарының қосылған тұсын одан сайын жақындастыра түсіп, алдындағы қарсы топты ойлы көзімен бір шолып өтті де, әдепті амандасты. Бұрын-соңды көрмесек те, ешкім арнап таныстырмаса да, неге екенін білмеймін, бұл жігіттің бойынан бізге келген аспирантты жазбай таныдық. Бұл – Марат болатын. Біз Маратпен осылай таныстық. Сол күннен бастап 10 жыл үзеңгілес болдық, бір ұжымда бір отбасы мүшелеріндей қоян-қолтық араластық, әріптес болдық, дос болдық...



Әрине, ол кезде асыл азаматтың жарқын ғұмыры осынша қысқа болады деп ешкім ойлаған жоқ. Барлығымыз оның болашағынан зор үміт күтетінбіз, бойынан парасатты профессор, ғұлама ғалымды көретінбіз. Оның Маңғыстау топырағынан болғанын іштей мақтан тұтатынбыз. Өте білімді жігіт еді. Ізденімпаз, соның арқасында көп нәрседен хабары бар, ғылымды қазақ, орыс деп бөлмейтін. Есениннің өлеңдерін оқитын. Әлем әдебиеті әлеміне саяхат жасайтын. Әңгіме айтқанда, батыс пен шығыс ғұламаларының сөздерін келтіріп отыратын. Сондай кезде Марат маған алғашқы қазақ зиялыларының заманынан келген елші сияқты көрінетін.

Денсаулығымен жағаласып жүріп, ғылыммен айналысты. Қазіргі таңда Мараттың артында өлмес хатындай екі үлкен еңбегі қалды. Оның бірі – марқұмның көзі тірісінде 2006 жылы шыққан 7500 сөзді қамтитын «Мұнай-газ терминдерінің орысша-қазақша сөздігі». Бұл еңбек мемлекет тарапынан үлкен қолдау тауып, 2011 жылы қайта жарық көрді. Екіншісі – «Қазақ тіліндегі сөйлемнің оқшау бөліктерінің функционалды стильдердегі қызметі» атты монографиясы. Өкінішке орай, бұл еңбегінің жарыққа шыққанын көруді Алла жазбапты. Алайда, көңіл жұбататыны – артында жоқтаушысы бар.

Жанарының тұнығында ылғи бір жеңіл мұң тұрған сияқты көрінетін. Үнемі ой үстінде жүреді. Сенімен сөйлесіп отырып та, бір тұңғыық ойда отырғандай болатын. Оқыстан бірденені айтып қалады. Кейде мені тыңдамай отыр ма деп қаласың. Бірақ сенің сұрағыңа да жауап береді. Онымен кез келген тақырыпта еркін сөйлесетінбіз. Достарын әйел, еркек деп бөлмейтін, Адам деп қарайтын. Батырға тән аңғалдығы да, ақкөңіл адамдарға тән алаңғасарлығы да бар еді. Қолапайсыздау көрінетін қылықтары да... Бірақ соның бәрі өзіне жарасатын. Оны өзгелерден ерекшелеп тұратын. Үнемі ой үстінде жүретіндіктен бе, кейде қасыңнан өтіп бара жатып байқамай да кетеді. Көріп қалса, анадайдан қолын көтеріп, жайраңдап жетіп келеді. Пендешіліктен аулақ, таза болатын. Кейде бала сияқты: «Сен маған ақыл айтшы, ақылдысың ғой. Мына жағдайда не істеуге болады?» – дейді.

Парасатты болатын. Адамның өресін «Абай жолын» оқыған, оқымағандығымен өлшейтін. «Айтшы, «Абай жолын» оқымаған адамнан не сұрауға болады?» – деуші еді.

Жақсы адам туралы айтатын әңгіме таусылмайды. Біз әр жыл сайын Мараттың отбасына барып, оны еске аламыз. Сол кезде оның түрлі қылықтарын, іс-әрекеттерін сөз қыламыз. Бүгінгі айтылған ой ол туралы бір үзік сыр ғана.



Марат туралы жазылып жатқан жылы лебіздер ол өмірден өткендіктен ғана емес. Оның көзі тірісінде де ол туралы жағымсыз пікірді өз басым естіген емеспін. Өйткені ол ешкімнің ала жібін аттамайтын, адамдардың сыртынан сөйлемейтін. Ұнамасаң, өзіңе тіке айтады, жаныңды жараламайды, керісінше, жараңды жазып айтатын. Сонысымен жүректерге жол табатын. XIX ғасырда өмір сүрген ағылшын діндары Чарльз Хеддон Спруджен «Өз есімінді мәрмар тасқа емес, адамдардың жүрегіне жаз», – деген екен. Марат – жарқ еткен жасын ғұмырында өз есімін адамдардың жүрегіне жазып кеткен жан. Сондықтан оның есімі жүректен жүрекке жетіп, жадымызда жаңғырып отырмақ.

Фәни – «жалған дүние», «бес күн тірлік», яғни уақытша жалған өмір, ал бақи – ақиқат, ол – мәңгі. Ендеше фәниден бақиға ерте аттанған аяулы әріптес, рухани дос, жүрегі жомарт, жаны жайсаң азаматтың мәңгілік ақиқаттағы жаны Жәннатта болсын!

